

## Сын есімнің лексика-грамматикалық сипаты

Сын есім - қазақ тіліндегі семантикасы, морфологиялық ерекшелігі, сөзжасамдық тәсілдері, сөз түрлендіру амалы, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесіп қолданылуы жағынан өзіне тән ерекшелігі бар, заттың, құбылыстың түрлі сынын – сапасын, түсін, көлемін, дәмін, иісін, қасиетін, т.б. белгілерін және затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөз табы.

Сын есімдерді сөз деп таныр болсақ, онда оның мағынасы мен дыбысталу жағының, яғни мазмұн мен тұрпат межесінің ішкі заңдылығы болады. Бұл заңдылық сындық мағынаның заттық мағынамен тең еместігінен туындайды. Біріншіден, сындық мағына заттың атауы емес, керісінше, заттың түр-түсін, қасиетін, белгісін білдіреді. Екіншіден, сындық мағына екінші бір мағынаға, не затқа байланысты болады. Үшіншіден, сындық мағына тілде екінші мағынаға тәуелді болып, өз мағынасын тиянақтайды. Төртіншіден, мағына өзегі жайылыңқы болғандықтан, контекстке қарай өзгеруге бейім болады.

Сын есімнің білдіретін негізгі мәндері:

- заттың түр-түсін білдіреді: *Сары* жезден саф алтынды айырмайтын Дүниеде бар емес пе не надандар (Байтұрсынұлы). Қия *қызыл* тастардың үстінен бір ағып мұзбалақ қыран әуелеп кетті (Сланов). Осы мысалдардағы *сары, қызыл* сын есімдері заттың түр-түсін білдіріп тұр.

- жан-жануардың түр-түсін, қасиетін білдіреді. Мысалы, *жирен, бұрыл, баран, қылаң, құла, торы, шабдар, шұбар* т.б. *Шұбар* атты сары желіспен барып, үң сыртына дүрс етіптүсе қалып, шылбырын белдеуге ілді (Кекілбаев). Еділден ұшқан екі *ақ* қаз, Жайықтан ұшқан жалғыз қаз, Бірі - *шаңқан*, бірі - *боз* (Сейфуллин). Осы мысалдардағы *ақ, боз, шаңқан* сын есімдері заттың түр-түсін білдіріп тұр.

- заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық, **қалыңдық** белгісін, сынын білдіреді: Абай *мол, ауыр* денесімен сыртына қарай бұрылды (Әуезов). Шапса жүйрік, мінсе *берік, жуан, жуас*, разы емен, осындай бір ат мінбесем мен (Абай). *Қалың* кітап беттерін парақтай бастадым (Мақатаев). *Қалың құмның арасынан самарқауланып аққан...* (Майлин). Осы сөйлемдердегі *мол, ауыр, берік, жуан, қалың* сын есімдері заттың көлемдік, салмақтық белгісін білдіріп тұр. Ал сөйлемдердегі *жүйрік, жуас* сөздері аттың қасиетіне, мінезіне қатысты сынды айқындайды.

- қашықтыққа байланысты сапаны білдіреді. Пайымдаймын, мойындаймын, сен данасың, мен бала, ұлтына кім *жақын, алыс*, айқындайтын ел ғана (Шаханов).

- заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді: Үлбіреген *ақ* етті, *ашық* жүзді, тісі *әдемі* көріп пе ең қыздың жайын?! (Абай). Нағыз *сұлу* әйел табу – Бүкіл еркек атаулының арманы (Шаханов). *Надан* білгіш бола ма мақтанменен, Мәстек шауып тұлпардан бәйге ала ма, Қадірлеп *асыл* жабу жапқанменен (Торайғыров). Кеңгірбайдай теріс азу, *мықты* биі шыққан ел

(Әуезов). Бұл мысалдардағы *әдемі, сұлу, надан, асыл, мықты* сын есімдері заттың сапалық белгілерін анықтайды.

- заттың дәмі, ісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: Адыраспан, *ащы* жусан, Бауырында құм шағыл, Көшіп жүрген шақтарында, Төбеде ойнап нұр сағым (Гүлжауһар Сейітжан, Жер қаны). *Тәтті* асты сүйсініп көп ішкен күйеуі жадырап, жайдарланып, үш күнгі аңшылығын қызықты етіп әңгімеледі (Ш. Мұртаза). Шалқардың шалқып жүзген мен аққуы, Келмеді *сасық*, шалшық жерде қалғым (Ж. Жабаев, Менің өмірім).

- мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: Балуан Шолақ Қарадым саған, Жәмила, Секілді *жазғы* жауһазын (Орманов). *Бүгінгі* жастарға оқу міндет (Торайғыров). *Биылғы* жайлау - *жылдағы* жайлау емес (Әуезов).

- адамның мінез-құлқын, қасиетін білдіреді: *жақсы, жаман, мейірімді, долы, бұзық, ашушаң, біртоға, салмақты, сабырлы, тұйық, момын* т.б. Бұл – өзінің де, өзгенің де пендешілік қылықтарына көп мән бере қоймайтын, тек адалдықтан, адамдықтан әрі аттамайтын *момын, қарапайым* қазақ қызы еті (Мақатаев).

- адамның тұрмыс-жағдайымен, дәрежесімен байланысты сын есімдер: *кедей, бай, атақты, беделді, сыйлы* т.б. Үйсіннің *білікті* деген адамдарына сәлем айтып... (Мұқанов). Еліңнен *атақты* ақын Абай шықты (Токмағамбетов). Киімдері тым *нашар*, өндері тым сынық екен (Мұстафин).

- заттың қалпын, табиғи күйін білдіреді: *ылғал, мұздай, суық, жылы жұмсақ, қатты*. т.б. Ештеңе байқамағансып, тізесінде жатқан *жұмсақ* сүлгімен тершіген маңдайын сүртіп жатыр (Кекілбаев).

- адам мен хайуанның жасы мен дене құрылысына, сымбатына қатысты сапаны (физиологиялық сипатты) білдіреді: *кәрі, жас, қарт, ұзын, тапал, мығым, семіз, арық, ашаң, тырбық, бойшаң*, т.б. *Арық* талдырмаш қыз жүзін төмен салды (Мақатаев).

- табиғи құбылысқа, ауа райына қатысты сын есімдер: Желдің *жұмсақ* лебі шипа тәрізді тиеді (Сейфуллин). Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, *дымқыл* тұман жерді басқан (Абай). Жазы *қапырық* болатын күнгей мекеннің сол кеші *қоңырсалқын*дау, майда желді болды (Н. Оқашева).

- дерексіз ұғымдардың сипатын білдіреді. Өрлетіп өрге *нұрлы* өмір, Жайнатты елдің райын (Жароков).

- қандай да бір затқа иелік ету мәнін білдіреді. Мысалы, *балалы әйел, атты адам*. Халел он *балалы* Досмұхамед отбасының жетінші болып көрген қызығы, ұлдан (Хасен, Халел, Құлбайыс, Құлымжан ) екіншісі еді (Сыздық).

Сын есімнің білдіретін мағыналарына қарай жоғарыда санамаланып берілген лексика-семантикалық топтары бұнымен ғана шектелмейді. Тіл білімінде сын есімдерді жіктеуде ұстанылатын принциптер түрліше болғандықтан, ғалымдардың сын есімдерді топтастырулары бірізді емес. Түркі тілдері бойынша кейде үлкен топтарға, кейде ұсақ топтарға бөлу дәстүрі бар.

Жалпы сөздерді түрлі сипаттары бойынша топтастыру үлгілерін ескере отырып, сын есімдерді төрт түрлі жүйемен топтастыруға болады. Олар:

- лексика-семантикалық топтарға;
- тақырыптық топтарға;
- синтагмалық топтарға;
- лексика-морфологиялық топтарға.

Сын есімдердің жоғарыда санамаланып берілген мағыналары осы жүйемен оларды лексика-семантикалық топтарға (түр-түсті білдіретін сын есімдер, көлем, салмақты білдіретін сын есімдер, адамның мінез-құлқын білдіретін сын есімдер т.б.) жіктеуге негіз болады. Сын есімдерде нақты денотаттық мағына болмайды, идеалды денотат (сигнификат) болатындықтан, сын есімдерді лексика-семантикалық топтарға сигнификаттық мағынаға сүйеніп жіктейді.

Сын есімдерді тақырыптық топтарға бөлу қиындық туғызады. Әдетте зат есімдердің мағыналық құрылымында нақты денотат боғандықтан, оларды тақырыптық топтарға жіктеу оңай. Ал сын есімдерді тақырыптық топтарға жіктеу идеалды денотат нақтылы денотатқа өткен жағдайда ғана болады. Зерттеуші Ә.Ақкөзов сын есімдердегі денотаттық мағына идеалды денотаттан дамиды деп көрсетеді.

Синтагмалық топтарға бөлу синтагмалық байланысқа (валенттілік, тіркесімділік) негізделеді.

Қазақ тіліндегі сын есімдерді сапалық және қатыстық деп бөлу соңғы лексика-морфологиялық ерекшелігіне қарай жіктелген топ.

Сын есімдердің ерекшелігі - көпмағыналы қызметке ие. Әсіресе, көп, жиі қолданылатын сөздердің көпмағыналық сипаты жоғары болады. Сын есімдердің көпмағыналығы тіркесте айқындалады. Тіркесім контексті кеңейген сайын ауыс мағыналарға ие болып, көпмағыналық қызметі күшейе түседі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ақ» түс атауының ??? мағынасы берілген. Мысалы, Жаз жіберіп, шөп берген қара жерге, Рақметіне Алланың көңіл сенер. Мал семірер, ақ пенен ас көбейер, Адамзатты көңілі өсіп, көтерілер (Абай). Бұл мысалда ақ «ағарған, сүт» мағынасында қолданылса, Дінім үшін, жаным құрбан, Жаннан қорқып, отыңа мен бас ұрман. Дінім хақ, ісім ақпын, әлем шейін, Қорлады деп үмітті құр сен антұрған (Абай) деген мысалда ақ сөзі «таза, кінәсіз, адам деген ұғымда қолданылып тұр.

Сын есімдердің көпмағыналы болу қызметінің күштілігі олардың мағыналық құрылымымен байланысты. М.Оразов сын есімдердің лексикалық мағынасының құрамында нақтылы денотаттық мағына болмайды, идеалды денотат болады деп көрсетеді. Сондықтан да сын есімдердің мағынасы жайылыңқы, көпмағыналық қызметте қолданылуға бейім тұрады.

Сын есімнің табиғи қызметі – ешбір өзгеріске түспей-ақ зат есіммен тіркесіп, заттың әр алуан қызметін, сындық белгісін анықтау. Абзал адам азбайды арын сүйген (Айнабекұлы). Жақсы тәртіп әдетке айналса ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса - қырсық (Әуезов). Әсем қоңыр әнмен желдірте әндете түсіп отырған Дәрмен екен (Әуезов).

Морфологиялық жағынан сын есім – түрленбейтін сөз табы. Шырай тұлғалары (сонымен бірге категориясы да) жалпы сын есімге тән түрлену жүйесі емес. Ол сын есімнің бір ғана мағыналық тобы – сапалық сын есімге

ғана тән, ал қатыстық сын есімдерге шырай тұлғалары жалғанбайды. Шалықтайсың *қарлы* Алатау (Сәрсенбаев). *Қызғалдақтай* өңденіп, Май тойына бер көрік (Тоқмағамбетов). *Өнерлі* жастар мәжілісі рендене түскендей (Әуезов). Түбінде *баянды* еңбек егін салған (Абай) деген сөйлемдердегі *қарлы, қызғалдақтай, өнерлі, баянды* сын есімдеріне шырай жұрнақтары жалғана алмайды.

Сын есімге септік, тәуелдік, көптік жалғауларының бірі жалғанып қолданылса, онда ол заттанып (субстантивтеніп), зат есімдердің орнына жұмсалады. *Жамандар* қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп қағар келбек (Абай). *Жақсыға* айтсаң, жаны еріп... (Абай). Дүниенің әрбір *қызығының* ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен жалықса болады (Абай). Балаға тең көрінер *бай* мен *кедей* (Торайғыров).

Сын есімнің сөйлемдегі негізгі және басты синтаксистік қызметі – зат есіммен сөз байланыстырушы тұлғаларсыз, орын тәртібі арқылы қабыса байланысып анықтауыш болуы. Ол сын есімнің сөз табы ретіндегі маңызды семантикалық белгісі болып табылады. Құлақтан кіріп бойды алар, *Әсем* ән мен *тәтті* күй (Абай). Сұлулап жырға сыйғызған Сөйлеген *өткір* тіл күшті (Кәрібаев). Үстінде *күміс* қанат көгершіндер... (Молдағалиев). **Осы сөйлемдердегі әсем, тәтті, күміс сөздері ән, күй, қанат сөздерімен тіркесіп, қабыса байланысып, ол сөздерді анықтап, анықтауыш мүше қызметін атқарып тұр.** Ал сын есімнің басқа да сөйлем мүшелерінің қызметін атқаруы оның негізгі синтаксистік белгісі емес, қолданыстық, қатыстық сипатқа байланысты, яғни сын есім септік жалғауларымен келіп заттанып (субстантивтеніп) жұмсалғанда атау септікте тұрып бастауыш, атау мен ілік септіктерінде тұрып толықтауыш, ал етістікпен тіркесіп, адвербиалдық мәнде пысықтауыш, жіктеле келіп баяндауыш қызметтерін атқара алады.